LG
Life's Good

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DVD ойнатқыш

Құрылғыны пайдалан алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз да, болашақта қарау үшін сақтап қойыңыз.

DP430 / DP431 / DP432 / DP437



DP432-PU_MFL67859941_RUS_KAZ_1.0.indd 1 2013-01-28 11:39:55

Қауіпсіздік туралы ақпарат

ЕСКЕРТУ

ЭЛЕКТР ШОГЫН АЛУ ҚАУІПІ БАР АШПАҢЫЗ

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: ЭЛЕКТР ШОГЫН АЛУДЫҢ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚАҚПАҚТЫ (НЕМЕСЕ АРТҚЫ ПАНЕЛЬДІ) АЛМАҢЫЗ. ПАЙДАЛАНУШЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН БӨЛІКТЕР ІШІНДЕ ЖОҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҮШІН БІЛІКТІ МАМАНДАРҒА БАРЫҢЫЗ.

Бұл тең қабырғалы үшбұрыштағы тіл таңбасы бар шамның жарығы пайдаланушыға өнімнің корпусында адамдарға электр шогын алудың қаупін тудыратын жекеленбеген қауіпті кернеудің бар болуын ескертеді.

Тең қабырғалы үшбұрыштағы леп белгісі пайдаланушыға өнімге байланысты әдебиеттің ішінде маңызды басқару және техникалық қызмет көрсету (қызмет көрсету) нұсқаулықтарының бар болуын ескертеді.

ЕСКЕРТУ: ӨРТ ШЫҒУ НЕ ЭЛЕКТР ТОГЫ СОҒУ ҚАТЕРІН АЗАЙТУ ҮШІН ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫҒА ЖАҢБЫР НЕ ЫЛҒАЛ ТИГІЗБЕҢІЗ.

ЕСКЕРТУ: Осы жабдықты кітап шкафы сияқты тар жерге немесе соған ұқсас құрылғыға орнатпаңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Ешқандай желдеткіш саңылауларды бітеп тастамаңыз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз. Қаптамадағы саңылаулар мен ашық жерлер құрылғының желдетілуін және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін және оны қатты қызып кетуден сақтау үшін жасалған. Құрылғыны төсек, диван, кілем немесе соған ұқсас басқа заттың үстіне қою арқылы желдеткіш саңылауларды жауып тастауға болмайды. Желдетілуі қамтамасыз етілмесе немесе өндірушінің нұсқаулары дұрыс орындалмаса, құрылғыны кітап шкафы мен сөре сияқты кіріктіріліп орнатылған жерге орналастыруға болмайды.

CLASS 1 LASER PRODUCT
KLASSE 1 LASER PRODUKT
LUOKAN 1 LASER LAITE
KLASS 1 LASER APPARAT
CLASSE 1 PRODUIT LASER
KELAS 1 PRODUK LASER

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Осы құрылғыда лазерлік жүйе қолданылады. Осы құрылғыны дұрыс пайдалану үшін осы пайдаланушыға арналған нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз да, болашақта анықтама алу үшін оны сақтап қойыңыз. Құрылғыны жөндеу қажет болса, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзге басқару не лайықтау құралдарын пайдалану немесе рәсімдерді орындау қатерлі сәулеленуге ұшыратуы мүмкін. Тікелей лазер сәулесіне ұшырауды болдырмас үшін қаптаманы ашуға тырыспаңыз.

Ток көзіне қосу сымына қатысты АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Көптеген құрылғыларды өздеріне арналған бөлек тізбекке орналастырған жөн;
Яғни, тек сол құрылғыны қоректендіретін және қосымша розеткалары немесе тармақтық тізбектері жоқ бөлек розетка. Сенімді болу үшін пайдаланушының осы нұсқаулығының техникалық сипаттама бетін қараңыз. Қабырғадағы розеткаларды асқын жүктемеңіз. Асқын жүктелген қабырға розеткалары, босаған немесе зақымдалған розеткалар, ұзартқыш сымдар, ескірген қуат сымдары немесе зақымдалған не жарылып кеткен сымды оқшаулағыш қатерлі болып табылады. Осылардың кез келгені электр тогы соғуына немесе өрт шығуына себеп болуы мүмкін. Мезгіл-мезгіл құрылғыңыздың сымын тексеріп тұрыңыз, және егер оның сыртқы түрінен бүлінгені не тозғаны көрініп тұрса, оны суырыңыз, құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз, содан соң оны уәкілетті қызмет көрсетушіге дұрыс қосалқы бөлшекпен ауыстыртып алыңыз. Қуат сымын физикалық немесе механикалық дұрыс пайдаланбаудан, мысалы, бұратылып, шатысып, қысылып, есікке қысылып, үстінен басылып қалудан қорғаңыз. Ашаларға, қабырға розеткаларына, және сым құрылғыдан шығатын жерлерге ерекше назар аударыңыз. Құрылғыны ток көзінен ажырату үшін ток көзіне қосу сымын суырыңыз.

Құрылғыны орнатқан кезде ашаға оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Бұл құрылғы ұтқыр батареямен немесе аккумулятормен қамтамасыз етілген: Ескірген батареяны немесе батарея бумасын алып тастаңыз да, қадамдарды жиналу барысына қарағанда теріс ретімен орындаңыз. Ортаны ластамау үшін және адамдардың және хайуандардың денсаулығына болаған ықтимал қауіптердің алдыны алу үшін, батареяларды және батарея бумаларын арнайы ажыратылған жердегі сәйкес жәшікке лақтырыңыз. Батареяларды және батарея бумаларын әдепкі қоқыспен бірге лақтырмаңыз. Жергілікті қайта зарядталатын батарея жүйесін және аккумуляторларды пайдалануды ұсынамыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Құрылғыға су тигізбеу керек (төкпеу немесе шашпау) және құрылғыға вазалар сияқты су толтырылған заттарды қоймау керек.

Авторлық құқықтар туралы ескертулер

Бұл затта Rovi корпорациясының АҚШ патенттерімен және басқа авторлық құқықтарымен қорғалған авторлық технологиялары қамтылған.

АҚШ пен басқа елдердің авторлық құқықтарды қорғау заңдары бойынша теледидар бағдарламаларын, бейне таспаларды, DVD дискілерді, ықшам дискілерді және басқа материалды рұқсат етілмеген жазу, пайдалану, көрсету, тарату немесе түзету азаматтық және/немесе қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

Дискілерге қатысты ескертулер

- Дискінің ойнатылатын жағына қол тигізбеңіз. Диск бетінде саусақ іздері қалмауы үшін оның жиектерінен ұстаңыз. Дискіге қағаз немесе таспа жапсырмаңыз.
- Ойнатқаннан кейін дискті қорабында сақтаңыз. Дискті тікелей күн сәулесінен немесе жылу көздерінің жанында және оны тікелей күн сәулесі түсетін тұрақтаған автокөлікте қалдырмаңыз.

Құрылғыға қатысты ескертулер

- Бастапқы жеткізу қорабын және орайтын материалдарын сақтап қойыңыз. Егер құрылғыны тасымалдау қажет болса, қажетті қорғаныс үшін құрылғыны зауытта қапталғандай етіп қайта ораңыз.
- Құралды тазарту үшін жұмсақ құрғақ шүберекті қолданыңыз. Егер үстірттер қатты лас болса, жұмсақ жуғыш затының ерітіндісімен аздап суланған жұмсақ шүберекті қолданыңыз. Спирт, бензол немесе сұйылтқыш сияқты күшті еріткіштерді қолдануға болмайды, себебі олар құрылғының беткі қабатын бүлдіруі мүмкін.
- Құрылғы – жоғарғы технология, дәл жабдық. Егер оптикалық линзасы және диск жетесінің бөлшектері кір немесе тозған болса, сурет сапасы төмендеуі мүмкін. Қажетті ақпараттар алу үшін жақын маңдағы арнайы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Мазмұны

1 Бастау

2 Қауіпсіздік туралы ақпарат
6 Кіріспе
6 – «∅» таңбасының көрсетілуі туралы
6 – Осы нұсқаулықта пайдаланылатын таңбалар
6 – Берілген керек-жарақтар
6 – Ойнатылатын дискілер
6 – Аймақтық код
7 – Файлдар сыйысымдылығы
8 Қашықтықтан басқару пульті
9 Алдыңғы панель
9 Артқы панель

2 Қосылу

10 Сіздің теледидарыңызға қосылу
10 – Бейне / Аудио сымжелісін қосу
10 – Бейне құрамдас сымжелісін қосу
11 Күшейткішке қосу
11 – Аудио сымжеліні қосу
11 – COAXIAL (сандық аудио) кабельді жалғау

3 Жүйенің параметрлері

12 Орнату
12 – Орнату параметрлерін бейімдеу
12 – [LANGUAGE] мәзірі
12 – [DISPLAY] мәзірі
12 – [AUDIO] мәзірі
13 – [LOCK] мәзірі
13 – [OTHERS] мәзірі

4 Басқару

14 Экранда көрсету
14 – Дискті ойнату
14 – Файлды ойнату
14 – Караоке дискісін ойнату (тек DP431/DP437)
14 – Экранда көрсету
15 – Жалпы пайдалану
15 Кеңейтілген ойнату
15 – Фильм
16 – Музыка
16 – Сурет

5 Ақауларды түзету

17 Ақауларды түзету

6 Қосымша

18 Аумақ кодтарының тізімі
19 Тіл кодтарының тізімі
20 Сипаттамалар
20 Сауда белгілер мен лицензиялар

Кіріспе

«⊘» таңбасының көрсетілуі туралы


Өнім іске қосылғанда ТВ дисплейінде "⊘" белгісі пайда болуы мүмкін және ол осы пайдаланушы нұсқаулығында түсіндірілген функция арнайы мультимедияда қолжетімсіздігін білдіреді.

Осы нұсқаулықта пайдаланылатын таңбалар


Тақырыбында келесі таңбалардың біреуі болса, ол тек осы таңба көрсетілген дискіге қолданылады.

DVD	DVD-Video, DVD±R/RW
ACD	Аудио ықшам дискілер
MOVIE	USB/Диск қамтитын бейне фильмдер (тек DP432/DP437)
MUSIC	USB/Диск қамтитын музыка файлдары (тек DP432/DP437)
PHOTO	USB/Диск қамтитын бейне суреттер (тек DP432/DP437)


Берілген керек-жарақтар



RCA бейне/аудио сымжелісі (1)



Қашықтықтан басқару пульті (1)



Батарея (1)

Ойнатылатын дискілер

DVD VIDEO	**DVD-VIDEO** (8 см / 12 см диск) Фильмдер сияқты сатып алынатын не жалға берілетін дискілер.
DVD R / RW DVD+R	**DVD±R** (8 см / 12 см диск) - Тек Бейне режимі мен жетілдірілген режим - Сондай-ақ екі жолды дискіні қолдайды - Фильм, музыка не сурет файлдарын қамтитын DVD±R дискілер.
DVD RW	**DVD-RW** (8 см / 12 см диск) - Тек Бейне жазу режимі, Бейне режимі мен жетілдірілген режим - Фильм, музыка не сурет файлдарын қамтитын DVD-RW дискілер.
RW DVD+ReWritable	**DVD+RW** (8 см / 12 см диск) - Тек Бейне режимі мен жетілдірілген режим - Фильм, музыка не сурет файлдарын қамтитын DVD+RW дискілер.
COMPACT disc DIGITAL AUDIO	**Audio CD** (8 см / 12 см диск)
COMPACT disc DIGITAL AUDIO Recordable ReWritable	**CD-R/RW** (8 см / 12 см диск) Фильм, музыка не сурет файлдарын қамтитын CD-R/RW дискілер.

Ескерту

Қайта жазылатын дискілерді пішімдеген кезде оны LG ойнатқыштарымен сай ету үшін пішім опциясын [Mastered] опциясына орнату керек. Live жүйесі опциясын орнататын болсаңыз, оны LG ойнатқаштарында пайдалануға болмайды. (Mastered/Live файл жүйесі: Windows Vista жүйесі үшін арналған дискті пішімдеу жүйесі.)

Аймақтық код

Бұл құрылғының артқы жағында аймақтық код басып шығарылған. Бұл құрылғы дәл құрылғының артқы жағындағыдай DVD дискіні ғана немесе «БАРЛЫҚ» дискілерді ойната алады.

Файлдар сыйысымдылығы

Жалпы

Қол жетімді файл кеңейтімдері:
“.avi”, “.mpg”, ”.mpeg”, “.mp3”, “.wma”, “.jpg”, “.jpeg”, “.divx”

- Файл атауы 20 таңбамен шектеледі.
- Файлдардың өлшемі мен санына байланысты, мультимедианың мазмұнын оқуға бірнеше минут кетуі мүмкін.

Ең көп файлдар/қалталар:
кем 600 (файлдардың және қалталардың жалпы саны)

CD-R/RW, DVD±R/RW пішімі:
ISO 9660+JOLIET

Бейне файлдары

Қол жетімді ажыратымдылық өлшемі:
720 x 576 (Е x Б) пиксельдер

Ойналатын субтитр SubRip: SubRip (.srt/.txt), SAMI (.smi), SubStation Alpha (.ssa/.txt), MicroDVD (.sub/.txt), SubViewer 2.0 (.sub/.txt), TMPlayer (.txt), DVD Subtitle System (.txt)

Ойнатылатын кодек пішімі: “DIVX3.xx”, “DIVX4.xx”, “DIVX5.xx”, “DIVX6.xx” (тек стандартты ойнату), “MP43”, “3IVX”

Ойнатылатын дыбыс пішімдері: “Dolby Digital”, ”DTS”, “MP3”, “WMA”

Тарату жиілігі:
8 - 48 кГц (MP3), 32 - 48 кГц (WMA)

Бит жылдамдығы (MP3/WMA/DivX): 8 - 320 Кбит/с аралығында (MP3), 32 - 192 kbps Кбит/с аралығында (WMA), 4 Мбит/с төмен (DivX файлы)

Ескерту

Бұл ойнатқыш GMC*1 немесе Qpel*2 көмегімен жазылған файлды қолдамайды. Бұл DivX немесе XVID сияқты MPEG4 стандартындағы бейнені кодтау әдістері.
*1 GMC – ғаламдық қозғалыс компенсациясы
*2 Qpel – ширек пиксель

Аудио файлдары

Тарату жиілігі: 8 - 48 кГЦ (MP3), 32 - 48 кГЦ (WMA)

Бит жылдамдығы: 8 - 320 кбайт/с (MP3), 32 - 192 кбайт/с (WMA)

Сурет файлдары


Сурет өлшемі: 2M кем ұсынылған.

- Прогрессивтық және жоғалтусыз қысылған фотосурет файлдарын қолдамайды.

USB құрылғысының ескертпелері (тек DP432/DP437)

- Бұл құрылғы FAT16 немесе FAT32 пішімді USB құрылғысын қолдайды.
- USB құрылғысын пайдаланып отырғанда (ойнатылғанда және т.б.) шығармаңыз.
- Компьютерге қосылған кезде қосымша бағдарламалардың орнатуын қажет ететін USB құрылғысы қолданылмайды.
- USB құрылғысы: USB1.1 және USB2.0 қолдайтын USB құрылғысы.
- Бейне фильм, музыка және сурет файлдары ойнатыла алады. Әр файлды басқарудың мәліметтерін алу үшін сәйкес беттерді қараңыз.
- Ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін жүйелі қосарлану ұсынылады.
- Егер сіз ӘДШ(USB) жалғастырғышын, ӘДШ ЖИНАҚТАУЫШЫН(USB HUB), ӘДШ(USB) Мультитанышусын немесе Сыртқы Қатты Дискті пайдалансаңыз, ӘДШ (USB) құрылғысын танымайды.
- Кейбір USB құрылғылары осы өніммен жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сандық фотоаппарат және ұялы телефон қолданылмайды.
- Өнімнің USB Порты компьютерге қосыла алмайды. Өнімді сақтау құрылғы ретінде пайдалануға болмайды.

Қашықтықтан басқару пульті



1

POWER (⏻): Құрылғыны ҚОСАДЫ немесе ӨШІРЕДІ.

OPEN/CLOSE (⏏): Диск науасын ашу және жабу.

нөмірлі түймешіктер: Мәзірден нөмірленген элементтерді таңдайды.

CLEAR: Бағдарлама Тізімінен жол нөмірін жояды.

PROGRAM: Бағдарламаның өңдеу режимін енгізу.

2

SCAN (◀◀/▶▶): Алға не артқа қарай іздеу.

SKIP (I◀◀/▶▶I): Келесі не алдыңғы тармаққа/жолға/файлға өту.

PAUSE/STEP (II): Ойнатуды кідірту.

PLAY (►): Ойнатуды бастау.

STOP (■): Ойнатуды тоқтату.

3

DVD MENU: DVD мәзіріне кіру немесе шығу.

TITLE: Дисктің тақырыптар мәзірін, қол жетімді болса, көрсетеді.

▲/▼/◄/►: Мәзірлерді шолу үшін.

ENTER (⊙): Мәзірдегі таңдауды растау.

DISPLAY: Бейнебеттегі мәзірді көрсетеді немесе одан шығарады.

RETURN (↶): Артқа қайтарады немесе мәзірден шығарады.

AUDIO (◯)): Аудио тілін не аудио арнасын таңдау.

SUBTITLE (💬): Субтитрдің тілін таңдау.

ANGLE (🎞): Егер қолжетімді болса, DVD камерасының бұрышын таңдайды.

SETUP: Орнату мәзіріне кіру немесе шығу.

4

A-B: Бөлімді қайталау.

REPEAT: Бөлімді, жолды немесе барлығын қайталайды.


ZOOM: Бейне суретін ұлғайтады.

KARAOKE (ECHO) (тек DP431/DP437): KARAOKE мәзіріне кіру немесе шығу.

Батареяны орнату


Қашықтықтан басқару пультінің артқы жағынан батарея жабынын алыңыз және R03 (өлшемі AAA) батареяларды дұрыс сәйкестендіріңіз ⊕ және ⊖ орнатыңыз.

Алдыңғы панель



1 **Диск науасы**
2 **MIC. (Микрофон ұяшығы)** (тек DP431/DP437)
3 **VOL. ∨/∧(Дауыс деңгейі)** (тек DP431/DP437)
4 **Бейнелеу терезесі**
5 **Қашықтық сенсоры**
6 **⏏ (Ашу/Жабу)**
7 **>II (Ойнату/Уақытша тоқтату)**
8 **⏻/I (Қосу)**
9 **USB порт** (тек DP432/DP437)

Артқы панель




1 **Қосу коды**
2 **AUDIO OUT (Сол жақ/Оң жақ)**
3 **VIDEO OUT**
4 **COMPONENT VIDEO OUT (Y P_B P_R)**
5 **DIGITAL AUDIO OUT (COAXIAL)**

Сіздің теледидарыңызға қосылу


Бейне / Аудио сымжелісін қосу

Бөлімдегі VIDEO/AUDIO OUT Бейне/аудио сымжелісімен теледидардағы VIDEO/ AUDIO IN қосыңыз, БЕЙНЕ шығуын сары сымжелісімен, АУДИО шығуының Сол/Оң жағын ақ/қызыл сымжелілерімен.



Бейне құрамдас сымжелісін қосу

Жасыл түсті Y, көк түсті P_B және қызыл түсті P_R сияқты Компоненттік бейне кабелін пайдаланып, құрылғыдағы COMPONENT VIDEO OUT (Y P_B P_R) ұяшықтарын ТД-дағы сәйкес кіру ұяшықтарына жалғаңыз.




- Теледидар прогрессивті пішімдегі сигналдарды қабылдаса, осы қосылымды пайдалуыңыз және орнату мәзірінде [Progressive Scan] (Прогрессивті развертка) параметрін [On] (Қосулы) мәніне қоюыңыз қажет (12-бетті қараңыз).
- Бұйымды AUDIO кабель арқылы теледидарға жалғаңыз.

Күшейткішке қосу

Аудио сымжелiні қосу

Өнімдегі AUDIO OUT (L/R) Аудио сымжелімен күшейткіштегі AUDIO IN қосыңыз, АУДИО шығуының Сол/Оң жағын ақ/қызыл сымжелілерімен.


Өнімнің артқы жағы



COAXIAL (сандық аудио) кабельді жалғау

Құрылғының DIGITAL AUDIO OUT (COAXIAL) ұяшықтарының бірін күшейткіштегі сәйкес ұяшыққа қосыңыз.

Өнімнің артқы жағы



- Егер теледидарыңыз 96 кГц тарату жиілігін сақтай алмаса, орнату мәзірінде [Sample Freq.] опциясын [48 КГц] мәніне орнатыңыз
- Егер теледидарыңыз Dolby Digital және MPEG декодерімен жабдықталмаған болса, орнату мәзірінде [Dolby Digital] және [MPEG] опцияларын [PCM] орнатыңыз.

Ескерту

- Егер сандық шығыстың дыбыстық пішімі қабылдағыштың мүмкіндіктеріне сай болмаса, қабылдағыш күшті, бұрмаланған дыбысты тудырады немесе ешбір дыбыс тудырмайды.
- Бейнебеттегі мәзірде ағымдағы дисктің аудио пішімін көру үшін AUDIO түймешігін басыңыз.
- Бұл құрылғы DTS дыбыстық жолының ішкі (2 арна) кодын ашуды орындамайды. DTS көп арналы көлемді дыбысты рақаттану үшін бұл құрылғыны DTS үйлесімді күшейткішке бұл құрылғының сандық аудио шығулары арқылы жалғауыңыз қажет.

Орнату

Құрылғыны бірінші рет қосқанда, қалаған тілді таңдау керек. (таңдамалы)

Орнату параметрлерін бейімдеу

Құрылғының параметрлерін [Setup] (Орнату) мәзірінде өзгертуге болады.

1. SETUP түймешігін басыңыз.
2. ▲/▼ түймешігін пайдаланып, бірінші орнату опциясын таңдаңыз да, екінші деңгейге өту үшін ► түймешігін басыңыз.
3. Екінші орнату параметрін таңдау үшін ▲/▼ түймешіктерін пайдаланыңыз және үшінші деңгейге өту үшін ► түймешігін басыңыз.
4. ▲/▼ түймешігін пайдаланып қалаған параметрді таңдаңыз да, таңдауды растау үшін ENTER (ЕНГІЗУ) (⊙) түймешігін басыңыз.

[LANGUAGE] мәзірі

Menu Language

Орнату мәзірі мен бейнебеттегі мәзір үшін тілді таңдайды.

Disc Audio/Disc Subtitle/Disc Menu

Дисктің Disc Audio/Disc Subtitle/ Disc Menu.

[Original] (Түпнұсқа)]: Диск жазылған бастапқы тілде көрсетіледі.

[Other] (Басқа):]: Басқа тілді таңдау үшін сандық түймешіктерді басыңыз да, содан кейін тиісті 4 санды нөмірді тіл кодтарының тізіміне сәйкес енгізу үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз. (19-бетті қараңыз) Нөмірді енгізу кезінде қате жасасаңыз, нөмірлерді жою үшін CLEAR түймешігін басыңыз және қатеңізді түзетіңіз.

[Off] (Өшіру)(Тек диск субтитрі үшін)]: Субтитрді өшіреді.

[DISPLAY] мәзірі

TV Aspect

ТД экраны пішімінің негізінде қандай экран кескінін пайдалануды таңдаңыз.

[4:3]: Стандартты 4:3 ТД қосылған кезде таңдаңыз.

[16:9]: Өлшемі 16:9 кең ТД қосылғанда таңдаңыз.

Display Mode

4:3 таңдаған болсаңыз, кең экранды бағдарламалар мен фильмдерді ТД экранында қалай көрсетілетінін анықтауыңыз қажет болады.

[Letterbox]: Бұл кең экранды суретті экранның жоғарғы және төменгі жағында қара жолақтармен көрсетеді.

[Panscan]: Бұл 4:3 экранына сәйкес баптап, суретті толығымен көрсетеді.

Прогрессивті сканерлеу (компоненттік бейне қосылымы үшін)

Теледидарыңыз прогрессивті сигналдарды қабылдайтынына көз жеткізіңіз. Егер ТД қабылдайтын болса, [On] таңдау арқылы сіз жоғары сапалы түске ие бола аласыз.

Егер Прогрессивті сканерлеуді қателесіп [On] күйіне қойсаңыз, құрылғыны бастапқы қалпына келтіру керек. Әуелі құрылғыдан дискіні алып шығыңыз. Содан кейін STOP түймешігін бес секунд ішінде басып ұстап тұрыңыз. Бейне шығысының қалыпты мәндері қалпына келеді де, теледидардан сурет көрінетін болады.

[AUDIO] мәзірі

Ойнатқыштың аудио параметрлерін пайдаланылатын әр түрлі диск шығыстарына сәйкес орнатыңыз.

Dolby Digital / DTS / MPEG

DIGITAL AUDIO OUT ұясын пайдалану үшін сандық аудио белгісінің түрін таңдаңыз.

[Bitstream]: DIGITAL AUDIO OUT ұяшығын Dolby Digital, DTS не MPEG декодері арқылы күшейткішке қосу үшін таңдаңыз.

[PCM] (үшін Dolby Digital / MPEG): DIGITAL AUDIO OUT ұяшығын Dolby Digital не MPEG декодерінсіз күшейткішке қосу үшін таңдаңыз.

[Off] (үшін DTS): DIGITAL AUDIO OUT ұяшығын DTS декодерінсіз күшейткішке қосу үшін таңдаңыз.

Sample Freq. (Жиілігі)

[48 KHz] және [96 KHz] арасындағы аудио белгісінің тарату жиілігін таңдайды.

DRC (Динамикалық ауқымды бақылау)

Дауысы өшірілген кезде дыбысты тазарақ етіп шығарады (тек Dolby Digital). Осы әсер үшін [On] (Қосу) параметріне орнатыңыз.

Vocal (тек DP430/DP432)

[On] (Қосу) параметріне тек көп арналы караоке DVD дискісі ойнатылған кезде орнатыңыз. Дисктегі караоке арналары қалыпты стерео дыбысына араласады.

[LOCK] мәзірі

Алдымен, LOCK мәзірін пайдалану үшін [Area Code] (Аймақ коды) мәзірінде 4 санды құпиясөзді құру қажет.

Құпиясөзді ұмытып қалсаңыз

Алдымен, құрылғыдағы дискіні шығарып алыңыз. Орнату мәзірін көрсетіп, «210499» 6 таңбалы санын енгізіңіз. Құпиясөз жойылды.

Rating

Бағалау деңгейін таңдаңыз. Деңгей қаншама төмен болса, бағалау соншама дәл болады. Бағалауды өшіру үшін [Unlock] (Құлыпты босату) таңдаңыз.

Password

Құлыптау параметрлері үшін құпиясөзді орнатады немесе өзгертеді.

Area Code

Стандартты аймақ кодын енгізу үшін 18-беттегі аймақ кодтарының тізіміне қараңыз.

[OTHERS] мәзірі

B.L.E (Қара деңгейінің кеңеюі)

Қара деңгейді кеңейту немесе кеңейтпеу үшін [On] немесе [Off] функцияларын таңдаңыз. Жүйе NTSC параметріне орнатылған кезде бұл функция қызмет атқарады.

Score (тек DP431/DP437)

Баға микрофонмен ән айтқаннан кейін көрсетіледі. Бұл функцияны пайдалану үшін «Баға» ішінде [On] пәрменін таңдаңыз. Баға тармақ, тақырып немесе трек толығымен аяқталғанда ғана көрсетіледі. Жоғары баға алғанда фанфара естіледі.

DivX VOD

DIVX бейне пішімі туралы: DivX® - Rovi Corporation корпорациясының филиалы DivX, LLC компаниясы жасаған бейне пішім. Бұл ресми DivX бейнефильмдерді ойнататын DivX Certified® құрылғысы. Файлдарыңызды DivX пішіміне аудару туралы қосымша ақпарат пен бағдарламалық құралдар алу үшін divx.com веб-торабына барыңыз.

DIVX VIDEO-ON-DEMAND ТУРАЛЫ: DivX Video-on-Demand (VOD) бейне фильмдерін ойнату үшін осы DivX Certified® құрылғысын тіркеу қажет. Тіркеу кодын алу үшін құрылғының орнату мәзірінен DivX VOD бөлімін табыңыз. Тіркеуді аяқтау туралы толық ақпарат алу үшін vod.divx. com веб-торабына барыңыз.

[Register]: Құрылғының тіркеу кодын көрсетеді.

[Deregister]: Құрылғыны белсенсіздендіру және белсенсіздендіру кодын көрсету.

Экранда көрсету

Дискті ойнату DVD ACD

1. OPEN/CLOSE (АШУ/ЖАБУ) (⏏) түймешіктерін басып, дискті науаға орналастырыңыз.
2. Диск науасын жабу үшін OPEN/CLOSE (АШУ/ЖАБУ) (⏏) түймешіктерін басыңыз. DVD-ROM дискілерінің көпшілігінде ойнату автоматты түрде басталады.

   Аудио ықшам дискісінде, ▲/▼/◄/► түймешіктерін пайдаланып, жолды таңдаңыз және жолды ойнату үшін PLAY (►) немесе ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Файлды ойнату MOVIE MUSIC PHOTO

1. РДискті науада орналастыру үшін OPEN/CLOSE (⏏) түймешігін басыңыз немесе USB құрылғысын жалғаңыз. (USB: тек DP432/DP437)
2. ▲/▼/◄/► түймешіктерін пайдаланып, файлды таңдаңыз және файлды ойнату үшін PLAY (►) немесе ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

RETURN (↶)	Диск пен USB құрылғысының арасында ауыстырады.
TITLE	Режимді өзгертеді. (Music → Photo → Movie)

Караоке дискісін ойнату (тек DP431/DP437)

1. Караоке дискісін салыңыз да, микрофонды MIC ұясына қосыңыз.
2. Қалаған әнді таңдаңыз да, файлды ойнату үшін PLAY(►) басыңыз.
3. Караоке мәзірін көрсету үшін KARAOKE басыңыз. ▲/▼ және ◄/► басып, параметрді және қалаған режимді таңдаңыз. [EFFECT/KEY/ECHO/MIC VOL/MELODY/ VOICE]

Караоке бойынша ескертулер

- Караоке мүмкіндігі тек караокемен сыйысымды дискілермен бірге қызмет етеді.
- Кейбір караоке дискілерінде ДАУЫС және ӘУЕН мәзірлері болмауы мүмкін.
- DIGITAL AUDIO OUT ұяшығы арқылы микрофон дыбыстық шығуы үшін, [Dolby Digital] немесе [MPEG] опциясын SETUP мәзірінде [PCM] параметріне орнату қажет.
- Дискіге байланысты караоке параметрі жұмыс істемеуі мүмкін.
- Теледидар моделі немесе сауда таңбасына байланысты теледидар мен құрылғы тікелей қосылу салдарынан караоке дыбысы микрофоннан қалуы мүмкін, сондықтан да, караоке микрофонмен дұрыс қосылуына құрылғыны күшейткіш арқылы қосыңыз.

Экранда көрсету DVD MOVIE

Мазмұнға қатысты әр түрлі ақпаратты және параметрлерді көрсетуге және реттеуге болады.

1. Ойнату кезінде, әр түрлі ойнату мәліметтерін көрсету үшін DISPLAY (ДИСПЛЕЙ) түймешігін басыңыз.
2. ▲/▼ көмегімен бір опцияны таңдаңыз.
3. Таңдалған опцияның мәнін баптау үшін ◄/► және сандық түймешікті пайдаланыңыз.
4. Бейнебеттегі дисплейден шығу үшін түймешігін басыңыз.

2/6	Ағымдағы тақырыптың нөмірі/тақырыптардың жалпы саны
01/33	Ағымдағы тараудың нөмірі/ тараулардың жалпы саны
C 0:01:44 T 1:51:39	Өткен ойнату уақыты Ағымдағы тақырыптың/ файлдың жалпы ойнату уақыты
1.ENG DD 3/2.1 CH	Таңдалған аудио тілі және шығыс арна
1.KOR	Таңдалған субтитр
1/1	Таңдалған бұрыш/ бұрыштардың жалпы саны

4 Басқару

Жалпы пайдалану

Мұны	Істеу үшін
Ойнату	түймесін басыңыз PLAY (►)
Уақытша тоқтату	түймесін басыңыз PAUSE/STEP (II)
Тоқтату	түймесін басыңыз STOP (■)
Келесіге немесе алдыңғыға өту	Ойнату кезінде I◄◄ немесе ►►I түймесін басыңыз.
Алдыға немесе артқа жылдам ойнату	Ойнату кезінде ◄◄ немесе ►► түймесін басыңыз.
Ойнатуды жалғастыру	Тоқтаған жерді сақтау үшін ойнату кезінде STOP (■) түймесін басыңыз. • STOP (■) түймесін бір рет басу: экранда II■ көрсетіледі (тоқтатылғанды жалғастыру) • STOP (■) түймесін екі рет басу: экранда ■ көрсетіледі (тоқтатылғанды аяқтау)
Жүйені таңдау	ТД жүйесі үшін сәйкес жүйелік режимді таңдауыңыз керек. Құрылғыда бар болуы мүмкін кез келген дискті шығарыңыз, жүйені (PAL, NTSC) таңдауға мүмкін болу үшін PAUSE/STEP (II) түймешігін бес секундтан көп уақытта басып тұрыңыз.
Бейнебет қорғауышы	Құрылғыны Stop режимінде шамамен бес минуттай қалдырыңыз, экран қорғауышы пайда болады. Егер экран қорғауышы бес минуттай көрсетілсе, құрылғы автоматты түрде өшіріледі.
Соңғы эпизодты сақтау	Құрылғыны өшіріңіз, содан кейін тіпті диск шығарылғаннан кейін қайта енгізілетін болса немесе құрылғы дәл сол дискпен өшірілгеннен кейін қосылатын болса да, құрылғы соңында көрсетілген көрініс жадында сақтайды. (DVD/ Аудио ықшам дискісі ғана)

Кеңейтілген ойнату

Фильм DVD MOVIE

Мұны	Істеу үшін
Диск мәзірін көрсету	DVD MENU түймешігін басыңыз (тек DVD)
Үздіксіз ойнату	Ойнату кезінде REPEAT түймешігін басыңыз. Қайталануы үшін параметр таңдау үшін REPEAT түймешігін қайта-қайта басыңыз. • DVD: Chapter/ Title/ (ҚАЙТАЛАУ Өшірулі) • Фильм: Track/ All/ (ҚАЙТАЛАУ Өшірулі)
Даралай ойнату	Бейне файлын ойнату барысында PAUSE/STEP (II) түймешігін басыңыз және кадр бойынша ойнатуды ойнату үшін PAUSE/STEP (II) түймешігін қайта-қайта басыңыз.
Ерекше бөлікті қайталау	Қайталағыңыз келген бөліктің басындағын A-B түймешігін басыңыз және бөліктің соңындағыны қайтадан басыңыз. Қалыпты ойнатуға оралу үшін [Off] (Өшіру) таңдау үшін A-B түймешігін басыңыз.
Ойнатудың қалаған басталу уақытын таңдау	Енгізілген уақыт кодының басталу нүктесін іздейді. DISPLAY түймешігін басып, сағат белгішесін таңдаңыз. Уақытты енгізіп, ENTER(⊙) түймешігін басыңыз. Мысалы, эпизодты 1 сағат, 10 минут және 20 секундта табу үшін “11020” енгізіп, ENTER(⊙) түймешігін басыңыз. Егер бұрыс нөмір енгізсеңіз, қайтадан енгізу үшін CLEAR түймешігін басыңыз.
Субтитрлер кодының бетін өзгерту (Бейне файлы ғана)	Ойнату кезінде SUBTITLE түймешігін басып, 3 секундтай ұстап тұрыңыз. Тілдер коды пайда болады. Субтитр дұрыс көрсетілгенге дейін басқа тіл кодын таңдау үшін ◄немесе ►түймешігін басып, одан кейін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз

Ойнату жылдамдығын баяулату (Алға ғана)	Баяу әрекеттің түрлі жылдамдықтарымен ойнату үшін ойнату тоқтатылғанда бірнеше рет ►► түймесін басыңыз. Ойнатуды қалыпты жылдамдықта жалғастыру үшін PLAY (►) түймесін басыңыз.
Үлкейтілген бейнені көру	Ойнату немесе кідірту режимі барысында ұлғайту режимін таңдау үшін ZOOM түймешігін қайта-қайта басыңыз. ZOOM: 100% → 200% → 300% → 400% → 100% ▲/▼/◄/►: Үлкейтілген сурет арқылы жылжыту.

Музыка ACD MUSIC

Мұны	Істеу үшін
Үздіксіз ойнату	Ойнату кезінде REPEAT түймешігін басыңыз. Қайталануы үшін параметр таңдау үшін REPEAT түймешігін қайта-қайта басыңыз. • TRACK/ ALL/(ҚАЙТАЛАУ Өшірулі)
Жеке бағдарламаны жасау немесе жою	Қажетті файлды таңдау үшін PROGRAM түймешігін басыңыз, экранда ⓔ таңбасы пайда болады. ▲/▼ түймешігін пайдаланып, музыка файл(дар)ын бағдарлама тізіміне қосу үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз Егер қажетті музыка файлдарын қоссаңыз, бағдарлама тізімін өңдеуді аяқтау үшін PROGRAM түймешігін басыңыз. Музыка файл(дар)ын бағдарлама тізімінен жою үшін жойғыңыз келген музыка файлын таңдап, бағдарламаны өңдеу режиміндегі CLEAR түймешігін басыңыз. Бағдарлама тізімінен барлық музыка файл(дар)ын жою үшін [Clear All] параметрін таңдап, бағдарламаны өңдеу режиміндегі ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.
Файл туралы ақпаратты көрсету (ID3 жазуы)	Файл туралы ақпараты бар MP3 файлын ойнатқанда, ақпарат DISPLAY бірнеше рет басу арқылы көрсетіледі. • MP3 файлдарына байланысты ақпарат экранда көрсетілмеуі мүмкін.

Сурет PHOTO

Мұны	Істеу үшін
Сурет файлдарын слайд көрсетілімі арқылы көру	(🖼) белгішесін бөлектеу үшін ▲/▼/◄/► түймешігін пайдаланыңыз, содан кейін слайд көрсетілімін бастау үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.
Слайд көрсетілімінің жылдамдығын баптау	Слайд көрсетілімінің жылдамдығын ◄/► көмегімен (🖼) белгішесі бөлектелген кезде өзгертуге болады.
Суретті айналдыру	Фотосуретті толық экранда сағат тіліне қарсы бағытта немесе фотосуретті толық экранда көрген кезде сағат тілі бағытымен айналдыру үшін ▲/▼ түймешігін пайдаланыңыз.
Үлкейтілген Суретті қарау	Фотосуретті толық экранда көрген кезде ұлғайту режимін таңдау үшін ZOOM түймешігін қайта-қайта басыңыз. • ZOOM деңгейі: 100%/ 200%/ 300%/ 400% • ▲/▼/◄/►: Үлкейтілген сурет арқылы жылжыту.
Слайд көрсетілімі кезінде музыка тыңдау	Егер дискіде музыка және фотосурет файлдары бірге болса, слайд көрсетілімінің барысында музыка тыңдауға болады. (🖼♫) белгішесін бөлектеу үшін ▲/▼/◄/► түймешігін пайдаланыңыз, содан кейін слайд көрсетілімін бастау үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Ақауларды түзету

Симтом	Себебі	Шешім
Қосылмаған	Электр сымы ажыратылған	Электр сымын розеткаға қосыңыз.
Құрылғы іске қосылған, бірақ жұмыс істемей тұр	Диск салынбаған.	Дискті салыңыз.
Өнім ойнатуды бастамай тұр	Ойналмайтын диск енгізілген.	Диск енгізіңіз. (Диск түрі мен аймақтық кодын тексеріңіз.)
	Бағалау деңгейі орнатылған.	Бағалау деңгейін өзгертіңіз.
Қашықтан басқару пульті дұрыс жұмыс істемейді.	Қашықтан басқару пульті құрылғыдағы қашықтан сигнал қабылдау құралына бағытталмаған.	Қашықтан басқару пультін құрылғыдағы қашықтан сигнал қабылдау құралына бағыттаңыз.
	Қашықтан басқару пульті құрылғыдан тым алыс.	Қашықтан басқару пультін құрылғыға жақын пайдаланыңыз.
Суреттің нашар сапасы және дыбыстың бұрмалауы	Диск бетін саусақ іздері және шаң басты.	Дискті таза матамен ортасыан сыртқа қарай сүртіп шығыңыз. Күшті еріткіштерді пайдаланбаңыз (алкоголь, бензин, араластырығыш, сатылымдағы қолжетімді тазалағыштар).
Бейне жоқ.	ТД өнімнен сигнал алатын етіп баптамалған.	Теледидерда сәйкес бейне кіріс режимін таңдаңыз.
	Бейне кабелі дұрыс бекітілмеген	Бейне кабельді жалғаңыз.
Дыбыс жоқ	Аудио кабелімен қосылған жабдық өнімнен сигнал алатын етіп бапталмаған.	Күшейткіштің дұрыс кіріс режимін таңдаңыз.
	АУДИО параметрлері дұрыс емес орнатылған.	АУДИО параметрлерін дұрыс орнатыңыз.

Аумақ кодтарының тізімі

Мына тізімнен аймақ кодын таңдаңыз.

Аймақ	коды	Аймақ	коды	Аймақ	коды	Аймақ	коды
Ауғанстан	AF	Фиджи	FJ	Монако	MC	Сингапур	SG
Аргентина	AR	Финляндия	FI	Монғолия	MN	Словак Республикасы	SK
Австралия	AU	Франция	FR	Марокко	MA	Словения	SI
Австрия	AT	Германия	DE	Непал	NP	Оңтүстік Африка	ZA
Бельгия	BE	Ұлыбритания	GB	Нидерланд	NL	Оңтүстік Корея	KR
Бутан	BT	Грекия	GR	Нидерланд Антиль аралдары	AN	Испания	ES
Боливия	BO	Гренландия	GL	Жаңа Зеландия	NZ	Шри ланка	LK
Бразилия	BR	Гонконг	HK	Нигерия	NG	Швеция	SE
Камбоджа	KH	Венгрия	HU	Норвегия	NO	Switzerland	CH
Канада	CA	Үндістан	IN	Оман	OM	Тайвань	TW
Чили	CL	Индонезия	ID	Пәкістан	PK	Таиланд	TH
Қытай	CN	Израиль	IL	Панама	PA	Түркия	TR
Колумбия	CO	Италия	IT	Парагвай	PY	Уганда	UG
Конго	CG	Ямайка	JM	Филиппин	PH	Украина	UA
Коста Рика	CR	Жапония	JP	Польша	PL	Құрама Штаттар	US
Хорватия	HR	Кения	KE	Португалия	PT	Уругвай	UY
Чех Республикасы	CZ	Кувейт	KW	Румыния	RO	Өзбекстан	UZ
Дания	DK	Ливия	LY	Ресей Федерациясы	RU	Вьетнам	VN
Эквадор	EC	Люксембург	LU	Сауд Арабиясы	SA	Зимбабве	ZW
Египет	EG	Малайзия	MY	Сенегал	SN		
Сальвадор	SV	Мальдив аралдары	MV				
Эфиопия	ET	Мексика	MX				

Тіл кодтарының тізімі

Осы тізімді келесі бастапқы параметрлер үшін қалаған тілді енгізу үшін пайдаланыңыз: [Disc Audio], [Disc Subtitle] және [Disc Menu].

Тіл	коды	Тіл	коды	Тіл	коды	Тіл	коды
Афар	6565	Француз	7082	Литван	7684	Синдхи	8368
Африкаанс	6570	Фриз	7089	Македон	7775	Сингал	8373
Африкаанс	8381	Галисия	7176	Малагаси	7771	Словак	8375
Амхар	6577	Грузин	7565	Малай	7783	Словен	8376
Араб	6582	Неміс	6869	Малайялам	7776	Испан	6983
Армян	7289	Грек	6976	Маори	7773	Судан	8385
Ассам	6583	Гренланд	7576	Маратхи	7782	Суахили	8387
Аймара	6588	Гуарани	7178	Молдаван	7779	Швед	8386
Әзірбайжан	6590	Гуджарати	7185	Монғол	7778	Тагалог	8476
Башқұрт	6665	Хауса	7265	Науру	7865	Тәжік	8471
Баск	6985	Иврит	7387	Непал	7869	Тамил	8465
Бенгал; Бангла	6678	Хинди	7273	Норвег	7879	Телугу	8469
Бутан	6890	Венгр	7285	Ория	7982	Тай	8472
Бихар	6672	Исланд	7383	Пенджаби	8065	Тонга	8479
Бретон	6682	Индонезия	7378	Пашто, пушту	8083	Түрік	8482
Болгар	6671	Интерлингва	7365	Парсы	7065	Түрікмен	8475
Бирма	7789	Ирланд	7165	Поляк	8076	Туи	8487
Белорус	6669	Итальян	7384	Португал	8084	Украин	8575
Қытай	9072	Жапон	7465	Кечуа	8185	Урду	8582
Хорват	7282	Каннада	7578	Ретороман	8277	Өзбек	8590
Чех	6783	Кашмир	7583	Румын	8279	Вьетнам	8673
Дат	6865	Қазақ	7575	Орыс	8285	Воляпюк	8679
Голланд	7876	Қырғыз	7589	Самоа	8377	Уэльс	6789
Ағылшын	6978	Корей	7579	Санскрит	8365	Волоф	8779
Эсперанто	6979	Курд	7585	Шотланд гаэль	7168	Кхоса	8872
Эстон	6984	Лаос	7679	Серб	8382	Идиш	7473
Фарер	7079	Латын	7665	Серб-хорват	8372	Йоруба	8979
Фиджи	7074	Латыш	7686	Шоа	8378	Зұлыс	9085
Финн	7073	Лингала	7678				

Сипаттамалар

Қуат талаптары	AC 200 - 240 В, 50 / 60 Гц
Электр қуатының қолданы лымы	9 Вт
Өлшемдер (Е x Б x Т)	Шамамен (360 x 39,5 x 206) мм
Нетто салмағы (шамамен)	1,4 кг
Жұмыс темпер атурасы	0 °C - 40 °C
Іске қосу ылғалдығы	5 % - 90 %
Лазер	Жартылай өткізгіш лазер
Сигнал жүйесі	PAL / NTSC
Көліктен қөректену жабдықтары (USB)	5 V ⎓ 200 mA (тек DP432/DP437)
VIDEO OUT	1,0 В (p-p), 75 Ω, үнд. кері, RCA ұясы x 1
COMPONENT VIDEO OUT	(Y) 1.0 В (p-p), 75 Ω, үнд. кері, RCA ұясы x 1, (Pb)/(Pr) 0.7 В (p-p), 75 Ω, RCA ұясы x 2
ANALOG AUDIO OUT	2.0 Vrms (1 кГц, 0 дБ), 600 Ω, RCA ұясы (L, R) x 1
DIGITAL AUDIO OUT (COAXIAL)	0,5 В (p-p), 75 Ω, RCA ұясы x 1

Үлгілері мен сипаттамалары ескертусіз өзгертетін нысан.

Сауда белгілер мен лицензиялар

Dolby Laboratories-тің рұқсатымен өндірілген бағдарлама өнімдері үшін керек. Dolby және қос-D Dolby Laboratories-тің тіркелген сауда белгісі.

“DVD Logo” белгісі DVD Format/Logo Licensing Corporation компаниясының сауда белгісі болып табылады.

DivX®, DivX Certified® және тиісті мекеме ентаңбалары – Rovi Corporation корпорациясының немесе оның филиалдарының сауда белгілері және олар лицензия бойынша пайдаланылады.



DP432-PU_MFL67859941_RUS_KAZ_1.0.indd 22 2013-01-28 11:40:01